

## Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің мәселелері

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 Қаулысы.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.12. N 943 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 943 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған :

1) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы е р е ж е ;

2) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының үш орынбасары болады деп белгіленсін.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.27. N 134 қаулысымен.*

3. "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 шілдедегі N 743 қаулысының ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 27, 350-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 28 қазандағы  
N 1109 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды  
реттеу агенттігі туралы  
ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

*Ескерту. Мәтіндегі "табиғи монополия субъектілерінің", "табиғи монополия субъектілеріне" деген сөздер тиісінше "табиғи монополиялар субъектілерінің", "*

*табиғи монополиялар субъектілеріне" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 900 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

1. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады. Агенттіктің негізгі міндеттері табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеу, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау, табиғи және мемлекеттік монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру, мемлекеттік органдардың ақылы қызметтер көрсетуінің тәртібін бақылау, өз қызметін мемлекеттік монополияға жатқызылған салада жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін реттеу мен бақылау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Агенттіктің аумақтық органдары - заңды тұлғалар болып табылатын Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша басқармалары бар.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.28. N 175 қаулысымен.*

2. Агенттік өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік туралы Ережені, жалпы штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Агенттік заңды тұлға - ұйымдық-құқықтық нысандағы мемлекеттік мекеме болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында ашылатын шоты, өзінің атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Агенттіктің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

5. Агенттік өзінің мемлекеттік өкілеттіктерінің шеңберінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар нысанында Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар кесімдер шығарады.

6. Агенттіктің заңды мекен-жайы:  
473000, Астана қаласы, Бөкейхан көшесі, 14.

7. Толық атауы - "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Агенттіктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Агенттікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Агенттікке Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Агенттіктің негізгі функциялары мен құқықтары**

9. Агенттіктің стратегиялық функциялары:

- 1) табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясатты пысықтауды;
- 2) мемлекеттік монополия саласындағы мемлекеттік саясатты пысықтауды;
- 3) табиғи монополиялар туралы заңнаманы жетілдіру жөнінде нормативтік құқықтық кесімдер мен ұсыныстар әзірлеуді;
- 4) табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

*Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 900 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

10. Агенттік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды:  
мемлекеттік саясатты қалыптастыру саласында:

- 1) табиғи монополиялар саласында тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпеушілік әдіснамаларын әзірлеуді және бекітуді;

2) мемлекеттік мекемелер монополиялық түрде жүзеге асыратын қызметтерге бағалар есептеу әдіснамасы мен белгілеу ережелерін әзірлеуді;  
мемлекеттік саясатты іске асыру саласында:

1) өз құзыретінің шегінде табиғи монополиялардың, тауар рыногының жұмыс істеуіне, баға түзу мен тұтынушылардың мүдделерін қорғау мәселелеріне қатысты заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларына сараптама жасауды жүзеге асыруды;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша акционерлік

қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыруды;

3) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы істерді қарауды және олар бойынша шешімдер қабылдауды;

4) Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін, Мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтердің мемлекеттік тіркелімін қалыптастыруды және жүргізуді;

5) тұтынушыларды коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтері барынан басқа, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша қабылданған шешімдермен таныстыруды;

6) табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдаулар өткізуді;

7) табиғи монополия субъектісінің нормативтік техникалық ысыраптарын бекітуді;

8) табиғи монополиялар субъектілерінің шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының техникалық және технологиялық нормаларын мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісімі бойынша;

9) табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санын еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісімі бойынша бекітуді; мемлекеттік саясатты іске асыруды бақылау саласында;

1) өз құзыретінің шегінде жұмыстарды жүргізуді және мемлекеттік құпияларды қорғауды;

2) мыналарға:

табиғи монополиялар субъектісінің акцияларды (үлестерді) сатып алуына, сондай-ақ өзіне Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы Заңымен рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға өзге нысандармен оның қатысуына;

егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімде ескерілген, иеліктен шығарылатын мүліктің не оған қатысты өзге мәмілелер жасалатын табиғи монополия субъектісі мүлкінің теңгерімдік құны, ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімге сәйкес оның активтерінің теңгерімдік құнынан 0,05 пайыз асып түссе, олар табиғи монополия субъектісі тарифтерінің (бағаларының, алым ставкаларының) немесе реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) олардың шекті деңгейлерінің артуына, тұтынушылармен жасалған шарттардың бұзылуына, үздіксіз байланыстағы

технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) үзілуіне не олардың көлемдерінің едәуір төмендеуіне алып келген жағдайда, табиғи монополия субъектісінің мүлкін иеліктен шығаруды және (немесе) онымен өзге де мәмілелер жасауды;

табиғи монополиялар субъектісінің оларға тасымалданатын немесе берілетін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өзінің тұтынуы үшін емес сатып алуына;

табиғи монополиялар субъектісінің ол үшін "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен рұқсат етілген өзге қызметті жүзеге асыруына;

табиғи монополиялар субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізетін сатып алуға;

шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін қолдануы сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің іс жүзіндегі шығындарына;

табиғи монополиялар субъектілерінің қайта ұйымдастырылуына және таратылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруды;

табиғи монополиялар субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың (үлестердің) он пайыздан астамын жеке немесе заңды тұлғалардың (немесе тұлғалар тобының) сатып алуына;

мүліктік жалдау шартын жасасу табиғи монополиялар субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің артуына, тұтынушылармен шарттардың бұзылуына, үзіліссіз байланыстағы технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемінің үзілуіне не едәуір төмендеуіне әкеліп соқпайтын жағдайда табиғи монополиялар субъектісінің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімде ескерілген теңгерімдік құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімге сәйкес оның активтерінің теңгерімдік құнының 0,05 пайызынан асатын реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына;

3) табиғи монополиялар субъектілерінің шығындарын қалыптастырудың ерекше тәртібін қолдануды;

4) табиғи монополиялар субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпеушілік әдістемелерін қолдануды;

5) табиғи монополиялар субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін заңсыз көтерумен және (немесе) іс жүзінде орындалмаған жұмыс құнын тарифке (бағаға, алым ставкасына)

немесе оның шекті деңгейіне енгізумен тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатсыз пайдаланумен, тарифтік сметаның шығын баптарын атқарудың бекітілген мөлшерінен бес пайыздан астам ауытқуымен келтірілген залалды тұтынушыларға өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдауды;

б) табиғи монополиялар субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге немесе өзгертуге арналған өтінімдерін қарауға қабылдаудан бас тартуын жазбаша негіздеуді;

7 ) < \* >

8) табиғи монополиялар субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) және мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) б е к і т у д і ;

9) уақытша төмендету коэффициентін белгілеуді;

10) өз құзыретінің шегінде реттелетін салалардағы бәсекелес ортаның дамуына жәрдем көрсетуді жүзеге асырады.

*Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.28. N 175 , 2006.09.22. N 900 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.*

11. Агенттік өз құзыретінің шегінде міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

1) табиғи монополиялар салаларындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілерді Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы не одан шығару туралы шешім қабылдауға;

2) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін заңнамалық кесімдерге сәйкес реттейтін және бақылайтын шешім қабылдауға;

3) табиғи монополиялар субъектілері үшін міндетті мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүргізу, өзгерту немесе тоқтату туралы шешім қабылдауға;

4) өз құзыретінің шегінде табиғи және мемлекеттік монополиялар саласындағы тәртіп бұзушылықтардың жолын кесу және олардың салдарларын жою туралы заңнаманы бұзу фактілері бойынша шешім қабылдауға;

5) табиғи монополиялар субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген жағдайларда табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тұтынушылармен шарттар жасасу туралы, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы орындауға міндетті нұсқамалар е н г і з у г е ;

б) табиғи монополиялар субъектілеріне, мемлекеттік органдарға олар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзған

жағдайда, орындауға міндетті нұсқамалар, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру туралы және (немесе) мүлікті иеліктен айыру туралы нұсқамалар енгізуге;

7) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою мақсатында талаппен сотқа жүгінуге, оларды қарауға қатысуға;

8) жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларынан Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету талаптарын сақтай отырып, өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

9) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерін өзінің бастамашылығы бойынша, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары мен олардың билігіндегі өзге де материалдардың негізінде, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың, азаматтардың, мүдделі тұлғалардың жазбаша мәлімдемелері мен хабарламаларының және табиғи монополиялар субъектілерінің өтініштері негізінде қарауға;

10) табиғи монополиялар субъектілері реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушылармен жасасатын үлгі шарттарды әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынуға;

11) табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік сметаларын өзгертуге бастамашылық жасауға;

1 2 ) < \* >

13) табиғи монополиялар субъектісінің тарифтік сметаны орындауын бақылауды жүзеге асыруға;

14) табиғи монополиялар субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) қолданысын Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, он екі айдан кем емес мерзімге белгілеуге;

15) өз құзыретінің шегінде орындау үшін міндетті шешімдер беруге және нормативтік құқықтық кесімдер шығаруға;

16) тарифтерді тікелей немесе уақытша төмендету арқылы зиянды және (немесе) залалдарды өтеу туралы өз құзыретінің шегінде шешім қабылдауға;

17) Агенттіктің мәжілістерінде мемлекеттік органдардың және мемлекеттік

монополияға жатқызылған саладағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың лауазымды тұлғаларын тыңдауға;

18) Агенттіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсініктемелер беруге ;

19) ғалымдар мен мамандардың, Агенттік қызметкерлерінің, мемлекеттік органдар мен табиғи монополиялар субъектілері өкілдерінің арасынан сараптамалық кеңес құруға ;

20) тексерістер мен сараптамалар өткізуге басқа ұйымдардан мамандар тартуға ;

21) өзінің өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін аумақтық органдарға беруге ;

22) мемлекеттік органдарға өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын, олар қабылдаған кесімдердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық кесімдерді прокуратура органдарына жіберуге;

24) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғалардың қызметіне тексерулер жүргізуге;

25) реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) есептеу құралдарын сатып алғаны және орнатқаны үшін ақы алудың мөлшері мен тетігін келісуге.

*Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.28. N 175 , 2006.09.22. N 900 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.*

### **3. Агенттіктің мүлкі**

12. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Агенттіктің мүлкі өзіне мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Агенттіктің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

13. Агенттікке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Агенттіктің өзіне бекітіп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Агенттікке Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

### **4. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру**

15. Агенттікті Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

16. Агенттік төрағасының төрағаның ұсынымы бойынша Қазақстан





1. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақмола облысы бойынша басқармасы
2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша басқармасы
3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы облысы бойынша басқармасы
4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Атырау облысы бойынша басқармасы
5. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті
6. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Жамбыл облысы бойынша басқармасы
7. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша басқармасы
8. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті
9. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қостанай облысы бойынша басқармасы
10. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қызылорда облысы бойынша басқармасы
11. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша басқармасы
12. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Павлодар облысы бойынша басқармасы
13. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті
14. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы
15. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Астана қаласы бойынша басқармасы
16. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы қаласы бойынша басқармасы